# Астана қаласында Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасының 23-ші Министрлік конференциясын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 16 сәуірдегі № 50-ө Өкімі

2024 жылғы 8 қарашада Астана қаласында Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасының 23-ші Министрлік конференциясын тиімді ұйымдастырып, өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласында Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасының 23-ші Министрлік конференциясын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар (келісу бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

*Премьер-Министр* *О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы<br>Премьер-Министрінің<br>2024 жылғы 16 сәуірдегі<br>№ 50-ө өкімімен<br>бекітілген

## Астана қаласында Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасының 23-ші Министрлік конференциясын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқтау нысаны | Орындау мерзімдері | Жауапты орындаушы | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Мазмұндық сипаттағы іс-шаралар | | | | | |
| 1. | Министрлік конференциясының тұжырымдамасы мен бағдарламасын қалыптастыру | конференцияның тұжырымдамасы мен бағдарламасы | 2024 жылғы 10 қазанға дейін | ҰЭМ, СІМ, СИМ, ӨҚМ, КМ, ЦДИАӨМ, ЭТРМ, ЭМ, СРИМ | талап етілмейді |
| 2. | АДБ-мен бірлесіп Министрлік | күн тәртібі | 2024 жылғы 15 маусымға дейін | ҰЭМ, СІМ, СИМ, ӨҚМ, КМ, ЦДИАӨМ, | талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | конференциясының күн тәртібін келісу | | | ЭТРМ, ЭМ, СРИМ | |
| 3. | ОАӨЭЫ елдерінің ( Әзербайжан, Грузия, Пәкістан, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Моңғолия, Түрікменстан, Тәжікстан, Өзбекстан) министрлеріне шақыру қағаздарын жіберу | шақыру қағаздарын жіберу | 2024 жылғы 15 шілдеге дейін | ҰЭМ, СІМ | талап етілмейді |
| 4. | Халықаралық ұйымдарға ( ОАӨЭЫ институты, ЕҚДБ, Еуропалық Одақ, ХВҚ, ИДБ, БҰҰДБ, Дүниежүзілік банк, АИИБ және т.б.) шақыру қағаздарын жіберу | шақыру қағаздарын жіберу | 2024 жылғы 15 шілдеге дейін | ҰЭМ, СІМ | талап етілмейді |
| 5. | Министрлік конференциясына қатысушылар тізімін қалыптастыру | қатысушылардың жалпы тізімі | 2024 жылғы 10 тамызға дейін | ҰЭМ, СІМ | талап етілмейді |
| Ұйымдастырушылық іс-шаралар | | | | | |
| 6. | Министрлік конференциясына қатысушы елдер министрлерінің келу кестесін қалыптастыру | келу кестесі және болу бағдарламасы | 2024 жылғы 7 қазанға дейін | ҰЭМ, СІМ | талап етілмейді |
| 7. | Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын | бекіту тізімі | 2024 жылғы 28 қазанға дейін | ҰЭМ, СІМ, СИМ, ӨҚМ, КМ | талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | делегациялар басшыларына бекіту | | | , ЦДИАӨМ, ЭТРМ, ЭМ, СРИМ | |
| 8. | ОАӨЭЫ елдері делегацияларын қарсы алуды – шығарып салуды ұйымдастыру | қарсы алу – шығарып салу | 2024 жылғы 8 қараша | Астана қаласының әкімдігі, ҰЭМ, СІМ | талап етілмейді |
| 9. | Мамандандырылған техникалық қызмет көрсету станцияларында күзетілетін адамдардың автомобильдерін тексеру (ресми сервистік орталық) | автомобильдердің жай-күйі туралы акт | 2024 жылғы 8 қарашаға дейін | Астана қаласының әкімдігі, МКҚ (келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 10. | Шақыруларды (визалық қолдауды) рәсімдеу және келісу. Шақырулардың негізінде делегаттарға визалар беруге жәрдемдесу | визалар | 2024 жылғы қазан – қараша | ҰЭМ, ІІМ, ҰҚК (келісу бойынша), Қаржымині МКК, ҰҚК ШҚ (келісу бойынша), СІМ шет елдердегі мекемелері | талап етілмейді |
| 11. | Министрлік конференциясының ресми делегацияларына, модераторларына және спикерлеріне байланыс офицерлерін бекітуді ұйымдастыру | байланыс офицерлерін бекіту | 2024 жылғы 8 қараша | ҰЭМ, СІМ | талап етілмейді |
| Әуежай / қарсы алу және шығарып салу / протокол | | | | | |
| | Астана қаласына келетін ресми делегациялар мен алдыңғы қатарлы топтар мүшелерінің әуежайдың VIP-залдары (делегация | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12. | басшыларына суретке түсірусіз) арқылы өтуін қамтамасыз ету, делегация мүшелері мен БАҚ өкілдерінің паспорттық және кедендік бақылаудан жеделдетілген өтуі үшін "жасыл дәліздер" құру (құрлықтық Мемлекеттік шекарадан өткен жағдайда) | ҰЭМ-не ақпарат | 2024 жылғы 5 – 12 қараша | КМ, Астана қаласының әкімдігі, ҰҚК ШҚ (келісу бойынша), Қаржымині МКК, МКҚ (келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 13. | Ресми делегациялардың басшылары мен мүшелері үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми қабылдауды ұйымдастыру | жоғары деңгейде қабылдау | 2024 жылғы 8 қараша | ПІБ (келісу бойынша), Астана қаласының әкімдігі, МКҚ (келісу бойынша) | республикалық бюджет |
| 14. | Үкімет басшылары/делегация басшылары үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастыру | жоғары деңгейде қабылдау кезінде музыкалық сүйемелдеу | 2024 жылғы 8 қараша | МАМ, ҰЭМ, Астана қаласының әкімдігі | республикалық бюджет |
| Қауіпсіздікті қамтамасыз ету | | | | | |
| 15. | Іс-шараға қатысушылар мен ұйымдастырушыларды аккредиттеу | Аккредиттелген қатысушылар мен ұйымдастырушылар | 2024 жылғы 7 қарашаға дейін | ҰЭМ, МКҚ (келісу бойынша) | талап етілмейді |
| | Кортеждердің жүру | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 16. | маршруттары бойынша тұрғылықты және іс-шаралар өткізілетін жерлерде құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ресми делегациялардың жүру маршруттары бойынша бірге жүру | құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету/ делегация басшыларымен бірге жүру | 2024 жылғы 7 – 8 қараша | МКҚ (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша ), ІІМ | талап етілмейді |
| 17. | МҚК-ге анықтама деректері бар іс-шараға қатысушылар мен БАҚ-тың тізімін беру | іс-шараға қатысушылардың тізімі | 2024 жылғы 15 қазанға дейін | ҰЭМ, СІМ, МАМ | талап етілмейді |
| 18. | Күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету | делегация басшыларын күзету | 2024 жылғы 5 – 10 қараша | МКҚ (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша ),<br>ІІМ | талап етілмейді |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АДБ – Азия Даму Банкі;

АИИБ – Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі;

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;

БҰҰДБ – Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы;

ЕҚДБ – Еуропа Қайта құру және Даму Банкі;

ИДБ – Ислам Даму Банкі;

Министрлік конференциясы – Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасының Министрлік конференциясы;

КМ – Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі;

Қаржымині МКК – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті;

МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;

МКҚ – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі;

ОАӨЭЫ – Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы;

ӨҚМ – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі;

ПІБ – Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы;

СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;

СРИМ – Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

**ҰҚК** – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

ҰҚК ШҚ – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ХВҚ – Халықаралық валюта қоры;

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;

ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК